

## Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстар түрлерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 144/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 мамырда № 4473 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № 201/6 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 25.06.2015 № 201/6 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 43-бабына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 57-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес Павлодар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстар түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ауылдық округтер мен ауыл әкімдері Павлодар ауданының пробация қызметінің келісімі бойынша сотталған адамдардың қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуі үшін объектілер тізімдерін сотқа тоқсан сайын ұсынсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Әутәліпов*

Павлодар ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "29" сәуір  
№ 144/4 қаулысына  
қосымша

## Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстар түрлері

1. Тұрмыстық қалдықтарды жинау.
2. Аумақты қызылсу мұздан тазарту.
3. Аумақты қардан тазарту.

4. Аумақты қоқыстан тазарту.
5. Аумақты арамшөптен тазарту.
6. Қоқысты жинау және тиеу.
7. Жас бұтақтарды кесу.
8. Ағаштарды кесу.
9. Ағаштарды әктеу.
10. Ағаштар егу.
11. Гүлзарларды бөліп отырғызу.
12. Көгалдарды қолмен қайта қазу.
13. Шөпті шабу.
14. Ғимараттарды әктеу.
15. Ғимараттарды сырлау.